«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

10.04.2018ж № 02-09/805

«IT Partners» ЖШС
Астана қаласы, Сейфуллин көшесі №40.

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 15.03.2018 жылғы №75024 *(веб-порталмен келіп түскен)* арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 1-тармағы 4-тармақшасында әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және **еңбек ресурстарының болуы** бөлігінде біліктілік талаптары қойылады делінген.

Осыған сәйкес, Ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасының техникалық ерекшелігінде, әлеуетті өнім берушіге қойылған талаптардың бірі Автоматтандырылған автодромның техникалық қызмет көрсетуі монтаждау, баптау және Автоматтандырылған автодром жүйелерін іске қосу білікті мамандармен жүргізілуі қажет. Персоналдың техникалық біліктілігін растау үшін әлеуетті орындаушы конкурстық өтінім құрамына **NEO-RTS3000 автоматтандырылған автодром жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу және қолдану бойынша оқуды өткен мамандарға атаулы сертификаттарды беру** қажет деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида) конкурстың құжаттаманың 2-қосымшасы техникалық ерекшелікте орындалу сапасы осындай **қызметтерді тікелей орындайтын** (көрсететін) **қызметкердің біліктілігіне байланысты қызметтерді сатып алу жағдайында техникалық ерекшелікте қызметкерге, оған жүктелетін міндеттерді орындау үшін оның қажетті деңгейі мен кәсіби даярлық бейінін**, жұмыс өтілін айқындайтын талаптардың сипаты беріледі делінген.

Осыған сәйкес, Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы орындалу сапасы қызметкердің біліктілігіне байланысты қызметтерді сатып алу кезінде, қызметкерге, оған жүктелетін міндеттерді орындау үшін оның қажетті деңгейі мен кәсіби даярлық бейіні бойынша біліктілік талаптарын белгілеуге құқылы.

Осыған байланысты, Ұйымдастырушы тарапынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзбағаны анықталды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Н.Жақайұлы
тел: 8/7292/ 31-90-92